

Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4-5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

+

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау. Ән айту. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Билер. Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. Ойындар, хороводтар. Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту, шапшандық</p>

пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Келесі дағдыларды қалыптастыру:
1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.